



Аудан тынысы

2010 ЖЫЛДЫҢ 1 ҚАҢТАРЫНАН БАСТАП ШЫҒАДЫ

№ 52 (561) СЕЙСЕНБІ, 23 маусым 2015 жыл



ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

Әлемдегі барлық мемлекеттердің даму жолында мемлекеттік қызметтің қосар үлес салмағы ерекше. Тәуелсіздік алғаннан бері Президентіміз Н.Назарбаевтің бастамасымен мемлекетті қалыптастыру бағытында ауқымды істер атқарылды. Еліміздің әлеуметтік, экономикалық, мәдени жағдайы үздіксіз даму жолына түсті. Қазақстанның осындай жетістіктерге жету жолында мемлекеттік қызметшілердің еңбегі де ерекше екенін ешкім жоққа шығармайды. Олар өз міндеттемелерін кәсіби деңгейде атқарып, еліміздің егеменді, тәуелсіз, демократиялық, әлеуметтік және құқықтық мемлекетке айналуына үлкен үлес қосты.

Құрметті, мемлекеттік қызметшілер! Барлығыңызды Мемлекеттік қызметшілер күнімен шын жүректен құттықтаймыз. Сіздер ауданымыздың, өңіріміз бен еліміздің дамуына айтарлықтай үлес қосып келесіздер. Халық пен билік арасындағы алтын көпірге айнала отырып, Сіздер Елбасымыздың сарабдал саясатын іске асыру бағытында тер төгіп отырсыздар. Отанымыздың жарқын болашағы, еліміздің игілігі үшін атқарар барлық еңбектеріңіз жемісті болсын. Отбасыларыңызда береке-бірлік, тыныштық және жақсылық салтанат құрсын. Дендеріңіз сау болып, жетістіктен жетістікке жете беріңіздер.

Мерекелеріңіз құтты болсын!

Құрметпен: Г.АКУЛОВ,
Бородулиха ауданының әкімі
У.МАЙЖАНОВ,
аудандық мәслихат хатшысы



ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

Ішкі істер органдары - мемлекеттік биліктің қоғамда құқық тәртібін, азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ететін маңызды құрылымдарының бірі. Сақшылардың кәсіби қызметі зор жауапкершілігімен, тәуекелге бел бууымен ерекше құнды. Қазақстан дербес мемлекет болып, тәуелсіздігін жариялаған сәттен бастап оның тыныштығын қорғауға берік ден қойылып келеді. Осынау қырағы мамандықты таңдаған жастар да елінің алдындағы борышын сезінетіні сөзсіз.

23 маусым жылда Қазақстан полициясы күні ретінде аталып өтіледі. Ризашылық пен құрметтің нышаны ретінде осы саланың барша қызметкерлерін Қазақстан полициясы күнімен шын жүректен құттықтаймын! Өз қызметтік міндетін атқаруға адалдық танытып, қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ететін, халық арасында сақтық жұмысын жүргізетін, азаматтардың тыныштығын, заңдылық пен құқық тәртібін қорғайтын білікті мамандарыңыздың қатары көбейе берсін. Еліміздің қорғандары – полиция қызметкерлерінің еңбектеріне табыс, қызметтеріне сәттілік пен абырой тілеймін. Қазақстан Республикасының өркендеуі жолында табысты қызмет ете берулеріңізге тілектеспін. Халқымыздың амандығын сақтау мен Отанымыздың өркендеуіне қосып жатқан үлестеріңіз аз емес, еңбектеріңіз арқашан жемісті де табысты болғай!

Құрметпен: Г.АКУЛОВ,
Бородулиха ауданының әкімі
У.МАЙЖАНОВ,
аудандық мәслихат хатшысы



Құрметті мемлекеттік қызметшілер!

Сіздерді шын жүректен кәсіби мерекелеріңіз – Мемлекеттік қызметші күнімен құттықтаймын!

Қуатты Қазақстан құрудағы Елбасы ұстанымының және мемлекеттік саясаттың жүзеге асуы сіздердің күнделікті талмай еңбек етулеріңізге байланысты.

Әлемдегі саяси және экономикалық жағдайды ескере отырып, біздің елімізде мемлекеттік қызмет жүйесі әрдайым жаңғыртылуда. Бүгінгі таңда сапалы экономикалық бағдарламаларды жүзеге асыру және мемлекеттік қызмет түрлерін ұсынуды қамтамасыз ететін мемлекеттік қызметшілердің кәсіби және автономды корпусын құру бағытында қомақты жұмыс жүргізіліп отыр. Оның нақты бағыттары «Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВТЫҢ бес институционалдық реформасын жүзеге асырудағы 100 қадам» Ұлт жоспарында көрсетілген. Құрметті әріптестер! Баршаларыңызға зор денсаулық, бақыт пен қуаныш тілеймін! Елімізді өркендету жолындағы қызметтеріңіз табысты болсын!

ДАНИАЛ АХМЕТОВ,
Шығыс Қазақстан облысының әкімі



АҚ ХАЛАТТЫ АБЗАЛ ЖАНДАР МАРАПАТТАЛДЫ

Жаздың жайма шуақ күндерінде аталынып өтетін мерекелер аз емес. Соның бірі - Медицина қызметкерлері күні. Маусымның 21 күні аталмыш кәсіби мерекені еліміз атап өтті. Аталған күні мыңдаған дәрігерлер, дәрігерлік салада жұмыс істейтін қызметкерлер бұл мерекені ерекше күткен еді.

Бұл күнде халықтың өзі дәрігерлерге деген ерекше ықыластарын жасырмай, өз алғыс тілектерін білдіреді. Әрине, аса жауапкершілікке толы дәрігер мамандығын игеру үшін көп еңбек ету қажет. Дәрігер боламын деген адам ең алдымен өз халқының жанашыры және адамгершілік қасиеті басым болуы керек. Дәрігер - әлемдегі ең қасиетті мамандықтардың бірі. Олардың ерең еңбектері шексіз. Нағыз құрметке лайықты тұлғалар.

Осыған орай, 19 маусымда ауданымыздың мәдениет үйінде салтанатты мерекелік іс-шара өткен болатын. Іс-шараға ауданымыздың барлық ақ халатты абзал жандары қатысты. Осы салтанатты іс-шарада аудан әкімі Г.Акулов барлық дәрігерлерді құттықтады.

- Құрметті денсаулық сақтау саласының қызметкерлері! Сіздерді Медицина қызметкерлері күнімен шын жүректен құттықтаймын! Халықтың денсаулығы - елдің байлығы. Елімізде халық денсаулығын қорғау мәселесі ең маңызды жұмыс ретінде мемлекеттік дәрежеде қамқорлыққа алынды. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев жыл сайынғы халыққа арнаған Жолдауында денсаулық сақтау саласына айрықша көңіл бөліп жүр. Адам жанына араша болып жүрген ақ халатты абзал жандардың еңбектерінің өте зор екені барша жұртшылыққа мәлім. Алдағы уақытта да денсаулық сақтау ісін тиімді ұйымдастырып, халыққа көрсетіп отырған дәрігерлік көмек көлемі мен сапасын жақсартып, қойған мақсаттар мен міндеттерді абыроймен, жоғары нәтижемен атқаратындарыңызға сенім білдіремін, - деді Г.Акулов.

Осы құттықтау сөзден кейін аудан әкімі медицина қызметкерлеріне мақтау грамоталарын табыстады. Салтанатты іс-шарада аудан әкімінің орынбасары Р.Атаева, аудандық орталық аурухананың бас дәрігерінің орынбасары О.Нұрекенов, аудандық тұтынушылардың құқығын қорғау басқармасының бастығы М.Асавбаева, аудандық орталық аурухананың кәсіподақ комитетінің төрағасы И.Костенко өздерінің ақ тілектерін айтып, ақ халатты абзал жандарға мақтау қағаздары мен сыйлықтар ұсынды.

Марапаттау рәсімінен кейін аудан әртістерінің мереке иелеріне арналған концерттік бағдарламасы болды.

Т.ҚАЛИБАЕВ



Аудан ажары

МЕРЕЙТОЙ ИЕСІНЕ ҚҰРМЕТ КӨРСЕТІЛДІ

Бородулиха ауданын көп жылдар бойы басқарған айтулы азаматымыз, ардақты ақсақалымыз Болат Сапорұлы Сапоров 17 маусымда мерейлі 75 жасқа толып отыр. Осы мерейтойға орай, 18 маусым күні түстен кейін Бородулиха аудандық әкімдігінің кіші залында салтанатты жиын өткізіліп, Болат Сапорұлы Сапоровтың 75 жасқа толуына байланысты мерейтой иесіне құрмет-қошемет көрсетілді. Жиынды аудан әкімі Г. Акулов ашып, өз сөзінде бұл азаматтықтың асқаралы кезеңі, кісіліктің кемел шағы екенін атап өтті:

- Сіздің еңбек жолыңызды

баршамыз өте жақсы білеміз. Қарым-қабілетіңіздің арқасында сіз бірқатар басшылық қызметтерді абыроймен атқардыңыз. Қай жұмыста болмасын, ең алдымен, ел игілігі үшін еңбек еттіңіз. Үлкен өмірлік тәжірибеңіз бен еңбек жолыңыз – бүгінгі жастар үшін үлгі-өнеге деп білемін. Сізге деген біздің алғысымыз шексіз, сіз қандай құрметке болса да лайықтысыз деп, облыс әкімі Даниал АХМЕТОВТЫҢ Құрмет грамотасы мен аудан әкімінің Грамотасын және сый-сияпатын табыстады. Одан кейін сөз алған

аудан әкімі аппаратының басшысы С. Лазурин Болат Сапоровты мерейлі мерейтойымен құттықтап, оның өмір жолы мен ауданымыздың барлық саласындағы қосқан үлестеріне тоқталып өтті: 1980 жылдан 1992 жылға дейін Болат Сапорұлы Бородулиха ауданының атқарушы органын басқарды. 1992 жылы Ақсуат ауданы әкімшілігінің басшысы, ал 1994 жылы Бородулиха ауданының әкімі болып тағайындалып, 2002 жылға дейін ауданымызды басқарды. Қызмет барысы кезінде өзін саяси са-

уатты және аса білімдар басшы



ретінде көрсете білді.

Болат Сапоров басқарған аудан бірнеше мәрте облыс аудандары арасында жетекші орынды еншілеп, БХШЖ көрмесінің наградаларын, талай рет ауыспалы Ту мен Құрмет дипломдарын иеленді. Салтанатты жиында замандастары мен бірге қызмет атқарған әріптестері және шәкірттері, атап айтқанда, Семей қаласынан келген белгілі азамат, ғалым Н. Апсаламов, Л. Шокарева, З. Шкода, Б. Аргумбаевтар өз естеліктерімен бөлісіп, ыстық ықыластарын білдірді. Болат Сапорұлы қазір құрметті зейнеткерлікте. Шығыс Қазақстан облысы, Бородулиха, Тарбағатай аудандарының Құрметті азаматы болып табылады.

Ол кісінің парасаттылығы мен кәсіби шеберлігі, қоғамдық қатынастардың ауыспалы кезеңінде қиынды қиыстырып көптің мүддесін өтеу жолында айқын көрініп тұрды. Кезінде қоғам құбылысын байсалды сараптап тәуелсіз Қазақстанның жас азаматтарының өмір талабына сай тәрбиелеп талай жастарды биікке жеткізгенін халық жақсы біледі. Өз кезегінде Болат Сапорұлы құрмет, ілтипат көрсеткені үшін жиналғандар мен аудан басшылығына ризашылығын білдірді.

Бүгінгі таңда Болат Сапорұлы мен жұбайы Марзия Қажыбайқызы еңбектерінің зейнетін көріп, ұрпақтарының арасында бақуатты өмір сүруде. Мерейтойыңыз құтты болсын! Сізге зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, мол бақыт тілейміз! Сіздің жанұяңызға Сізге және Сіздің әулетіңізге, балаларыңызға, немере-шөберелеріңізге бақ-береке, молшылық пен жетістіктер тілейміз!

М.АТАЕВА

ҚОҒАМДЫҚ ҚАБЫЛДАУ ӨТКІЗІЛДІ



18 маусым күні «Нұр Отан» аудандық филиалында Бородулиха аудандық ішкі істер бөлімінің басшысы Синиязов Қанат Төлеуханұлының азаматтарды жеке мәселелері бойынша қабылдауы өткізілді.

Бородулиха аудандық ішкі істер бөлімінің басшысы Синиязов Қанат Төлеуханұлының азаматтарды жеке мәселелері бойынша

қабылдауы барысында келушілердің әрбір өтініш-тілегіне түсіністікпен қарап, қолдау білдірді. Бүгінгі нарық заманында келушілер өз



жанұясындағы кейбір мәселелер толғандыратыны байқалды. Мәселен қабылдауға келген азаматшалардың, атап айтқанда, Оспанова Күлпаш, өзінің Ақсуат ауданында тұратын апайының құжаттарына байланысты сауал тастаса, жас ана О.Кузнецова жанұясындағы өзінің көкейкесті сұрақтарымен бөлісті. Олардың әрқайсысының жеке-жеке тілегін тыңдаған, Бородулиха аудандық ішкі істер бөлімінің басшысы Қанат Төлеуханұлы жағдайларын толық зерттеп, олардың мәселелерін қарастыруды өз тарапынан орынбасарлары мен қызметкерлеріне тапсырды. Ішкі істер бөлімінің басшысының қабылдауына келген барлық азаматтардың өтініш-тілектері ескеріліп, заң аясында шешілетіндігі айқындалды.

М. БАЛАБАЙҚЫЗЫ

ҚОҒАМ ТЫНЫШТЫҒЫ БЕРІК ҚОЛДА

1992 жылы Қазақстан Республикасының тарихында алғаш рет «Ішкі істер органдары» туралы заң қабылданған болатын. Содан бері 23 маусым Қазақстан полициясы күні ретінде атап өтіліп келеді. 24 жыл бойы полиция еліміздегі тыныштық пен тәуелсіздікті сақтау жолында талмай еңбек етуде. Осы саладағы қызметкерлердің қылмысты ашудағы тапқырлығы, оперативтік топтың қылмыскерлерді ұстаудағы бірлігі, полиция қызметкерлерінің тынымсыз өмірі әрқашан да бағалана береді. Бүгінгі таңда ішкі істер министрілігі - 100 мыңға жуық қызметкері бар еліміздің ең ірі және көпқұрылымды мемлекеттік органы. Ішкі істер органдарының қызметкерлері тәулік бойы, табиғаттың кез-келген қолайсыздығына қарамастан құқықтық тәртіпті сақтап, азаматтарды құқыққа қарсы қол сұғынушылықтан қорғап келеді.

Осы мерейлі мереке қарсаңына орай Аудандық ішкі істер бөліміне барып, көп жылдар бойы осы салада істеп келе жатқан полиция қызметкерімен кездесіп, қызметтері туралы біліп, газет бетіне шығарғым келді. Іздеген адамым алдымнан шығып, сол кісіден керекті мәліметтерімді алдым.

Нұрлыбеков Қайрат Кеңесбекұлы ішкі істер органдары қатарындағы өз қызметін АІБ кезекші бөлімінің аға инспектор-кезекшісі қызметінен бастап, қазіргі таңда 21 жыл құқық қорғау органында қызмет істеп

келеді. Ол 1967 жылы Камышенка ауылында дүниеге келіп, осы жерде орта мектепті тәмамдағаннан кейін Автомеханикалық училищені бітіріп, еңбекке араласты. Жұмыс істеп жүріп өзінің Отан алдындағы борышын өтеуге аттанады. Аман-есен отбасына оралғаннан кейін жұмыс істеп, жоғарғы оқу орнын бітіріп, 1994 жылы ішкі істер органдары қатарына қабылданады.

Қарапайым отбасынан шыққан полиция қызметкері өз жұмысын тиінақты әрі жауапкершілікпен істеп, алғыс хаттармен, мақтау қағаздарымен марапатталады. Ол ішкі істер органдарындағы жауапты қызметтерді атқара жүріп, артынан келе жатқан жас полиция қызметкерлеріне үлгі бола білді. Қазіргі таңда Дмитриевка ауылдық округінің учаскелік полиция инспекторы болып қызмет атқарады. Өзінің жұмысына берілген азамат тәртіп пен заңдылықты сақтау үшін күнді күн демей, түнді түн демей тынымсыз қызмет істеп, ел тыныштығын сақтау ісіне атсалысуда. Өз жұмысына берілген Қайрат ағамыздан үлгі алып қана қоймай, өмірдің барлық сынағынан өткен жаннан үйренеріміз да көп. Заң бұзған қаншама қылмыскерді құрықтап, жолдарын кесті. Осының бәрі өзіне жүктелген міндеттерді қалтқысыз орындауы болып табылады.

Жыл сайын полиция қызметкерлерінің атқаратын қызметтері мен міндеттерінің ауқымы кеңейіп, ауырлығы артып келеді. Олар қазіргі таңда қылмысқа қарсы күресті және қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуде.

Ең маңыздысы - тәртіп пен заңдылықты сақтау. Алдағы уақытта да қоғамның қауіпсіздігін қамтамасыз етіліп, ел тыныштығы берік қорғалады деген сенімдеміз.

Т.МҰХАМЕТХАНҰЛЫ



Қоғам келбеті

Өлең, жырын қазағына арнаған, Елдің қамын тебірентіп толғаған. Халқы үшін мыңмен жалғыз алысқан,

Бұл заманда Абай сынды бар ма адам?

Абай өмірінен, оның кіршіксіз ақ жүрегін тербеткен сансыз ойларынан, тамаша шығармалары мен жалынды жырларының әр жолынан, әрбір қара сөзінен бізге соншама ыстық, соншама жарқын леп еседі.

Ақынның дүниеге келгеніне 170 жыл толды. Ал өзінің мәңгі өлмес шығармаларымен халқына ұстаздық ете бастағанына ғасырдан астам уақыт өтті. Содан бері оның артына қалдырып кеткен мұрасы елі мен жұртының рухани өмірінде айнымас темірқазық, адастырмас құбыла болып қызмет етіп келеді.

Ұлы ғұламаның 170 жылдық

ҰЛЫ АБАЙ ЖЕРІНДЕ

мерейтойын атап өту - Шығыс жұрты үшін үлкен мереке, үлкен іс-шара. Сондықтан да ШҚО бойынша Бородулиха аудандық ХҚКО қызметкерлері аталған мерейтойды қатардан қалмай атап өтті.

Осы бағыттағы іс-шараны ХҚКО-ның ұжым ақынның туған жері Жидебайға барып, Абай мен Шәкәрім басына тағзым етуден бастады. Абайдың «Жидебай-Бөрілі» мемлекеттік тарихи-мәдени және әдеби-мемориалдық қорық-мұражайын аралады. Ақынның өмірімен, шығармашылығымен, жүріп өткен жолымен, өмірлік тағылымымен, оның ұрпақтарымен танысты. Ақынның кейінге қалдырған

мұрасымен сусындады. Бұдан кейін Абай ауданы Қарауыл ауылындағы Ұлы ақынның ескерткішіне гүл шоқтарын қойды. Абайдың жарқын бейнесі, жалынды жыры бізбен бірге мәңгі жасап келеді. Соның дәлелі ретінде шара соңында филиалдың бөлімдері арасында «Абай - дана, Абай - дара қазақта» атты «Абай жолы» роман-эпопеясынан театрландырылған көріністерден байқау ұйымдастырылды. Кеш аяқталған соң Жидебай жерінде орналасқан «Әйгерім бұлағы» басындағы этноауылда іс-шара қорытындыланды.

А.ӘКІМБАЕВА, аудандық бөлім инспекторы

ЕГІС АЛҚАПТАРЫН ҚАБЫЛДАУ



2015 жылдың 17 маусымында Новошұльба ауылдық округінің аумағында егіс қабылдау өтті. Егіс алқаптарын қабылдау құрамына Бородулиха ауданының жер қатынастары бөлімі басшысының міндетін атқарушы Ж.Мусин, Новошұльба ауылдық округінің әкімі К.Қарымова және ауылдық округ әкімі аппаратының бас маманының міндетін атқарушы А.Осипов кірген комиссиямен өткізілді.

2015 жылдың егіс науқаны оңтайлы мерзімде аяқталды. Егісті қабылдау кезінде заң бұзушылықтар анықталған жоқ. Қазіргі уақытта ауыл шаруашылығы құрылымдары субсидия ресімдеу үшін құжат жинау үстінде.

А.ОСИПОВ, бас маман

ОҚҚА КЕУДЕСІН ТОСҚАН БАТЫРЛАР

(Соңы. Басы өткен санда)

Соғыстан кейін Қызыл Тулы 131-ші Ропшин дивизиясының ардагерлер кеңесі майдандастарын іздестірген кезде Сабалақ Оразалиновтің тірі 2-Алматы бекетінің жүк бөлімінде кезекші болып істейтінін әрі жеті бала тәрбиелеп өсірген өнегелі отағасы екенін біле алды.

Кеңестік кезеңде С. Оразалиновтің ерлігі жайлы Қазақстан журналистері көптеген мақалалар жазды.

1980 жылы Қазақ теледидары Сабалақ Оразалинов туралы: «Ваш подвиг не померкнет в веках» атты деректі фильм түсіріп, оны КСРО орталық арналары бүкіл Қызыл Империя бойынша көрсетті. Осы көрсетілімнен кейін С. Оразалиновқа КСРО түпкір-түпкірінен хат-хабар қарша жауды. Соның бірі Дондағы Ростов қаласындағы майдангер Константин Чернышевтің жеделхаты мынандай: «Дорогой Сабалак, совершенный вами героический подвиг, мужество и отвага в период Отечественной

войны золотыми буквами вписаны в историю ленинградского военного округа. Ваше имя и подвиг бессмертны...».

Атамыздың КСРО-ның Эстония, Ленинград және басқа өңірлерінде тұратын майдандас серіктері кеңес-партия органдарына Сабалақ Оразалиновке КСРО батыры атағын берудің мәселесін көтерді. Бірақ орыстың әсіреушылдығы парасатты санадан жоғары түсті.

1990 жылы мәскеудегі әскери баспасы құрастырушылары Социалистік Еңбек Ері, артиллерияның бас маршалы В.Ф. Толубко, Кеңес Одағының Батыры генерал-полковник П.А. Горчаков, жазушылар А. Алтайский, А. Коваленко т.б. болып табылатын «Бессмертное племя матросовцев, 1941–1945» деген жинақ шығарды. Онда II Дүниежүзілік соғыстың орыс-неміс майданындағы өз денесімен жау дзотының амбразурасын жапқан 300 аса жауынгерді сөз етті.

Тірі қалған алты адамның аты-жөндері А. Ударов, С. Кочнев, В. Майборский, Т. Райздармен бірге Сабалақ Оразалинов аталады. Бауыржан Момышұлы: «Өліні қадірлемеген, тіріні құрметтемейді», деген еді. Сабалақ Оразалинов қандай құрметке болсын лайық ұлт батыры. Аякөздіктер өз батырына кезінде ала кеткен атағын алып беруге күш салады деп сенеміз.

СЕРІК ӘБІЛҚАСЫМҰЛЫ

Бородулиха ауданы Ауыл бекетінің тұрғыны **Назаров Виктор Викторовичтің** атына берілген заңдастыру жөніндегі комиссияның 2007 жылы 26 ақпандағы №8540 шешімі, 2007 жылы 31 мамырдағы №6006 техникалық төлқұжат жоғалғандығына байланысты жарамсыз деп танылсын.

ЖАНАТ ӨЗ ІСІНЕ БЕРІК, ЖҰМЫСЫНА АДАЛ ҚЫЗМЕТКЕР

Жыл сайын тойланатын мерейлі мерекелердің бірі – мемлекеттік қызметкерлер күні. Осы бір айрықша мерекені барша қазақстандықтар мамыр айының 23 күні тойлап өтеді. Сондықтан да осы мереке қарсаңында өз ісіне берік, жұмысына адал мемлекеттік қызметкерлер жайында сөз қозғамақпыз. Осындай қызметкерлердің бірі – Әзелбаева Жаннат Төкенқызы. Бүгінгі газет бетінде осы кісінің істеген істері мен қажырлы еңбегі жайында айтып жазбақ ойымыз бар.

Әзелбаева Жаннат Төкенқызы 1968 жылы 12 наурызда дүниеге келген. 1984 жылы Алаштың рухани астанасы Семей қаласында Семей педагогикалық институтын тәмамдаған. 2009 жылдан бастап Бородулиха ауданына қарасты Степной ауылдық округіне мемлекеттік қызметкер болып орналасқан. Артынан сәуір айында өз білімін одан ары арттыру мақсатында Елордамыз - Астана қаласына барып дәріс алып келді. Степной ауылдық округінің көп жұмыстары осы кісіге жүктелген. Таңның атысы, кештің батысы жұмыстан көз алмай, тынбай еңбек етуде. Ауыл тұрғындарының арыздары мен шағымдарын қарап, өзінің қолынан келгенінше барша ауыл жұртышылығына көмек көрсетіп, қол ұшын созуда. Сондай-ақ әскерге шақырылған және Отан алдындағы борышын өтейтін азаматтармен де жұмыс жасайды.

Қысқасы, қорта келе айтарымыз, Жаннат Төкенқызы өз ісіне берік, жұмысына адал да абзал жандардың бірі. Осындай мереке қарсаңында Жанат апаймыздың үйін әрқашан жақсылық мекендеп, жұмысында табыс тұмары әрдайым ілініп тұрсын деген тілекпен сөзімді аяқтағым келіп отыр.

Ә. СҰЛТАНОВ

Тұлпардың ізі өшпейді (хикаят, сыр-дастан, естеліктер)

(Басы өткен нөмірде) С.ТӘБӘРІКОВ

Жақсы Абыралының батыс бетіндегі ел № 2 Сарыапан ауылы. Тау жүлгесінде Көденің қуысы, Молдаш қуысы, Қалыбай қуысы, Шыңқожа асуы дейтін жасыл желекті сай саласында жеке жеке шағын ауылдар мекені болған.

Абыралының солтүстігінде: Өтеп, Атан, Аршалы; Бекібай, Дауылбай кезеңі, Қарашоқы (Жанарыстанның шоқысы деп те) аталған. Бисары Қаратөбеге жүлдеседі.

Абыралының оңтүстік жағында Қойбағар, Ақбиік, Жартас, Айнабұлақ, Күлтөккен, Алтуайт аталатын ескі қоныс мекендер бар.

Өзен, көл: Қарасу өзені Жартастан ағады. Сырт жайлауда Ақтасқа құяды. Айнабұлақ атты Қызыл құдықтан бастау алады.

Тауды айнала мекен еткендер: Қамбар, Шана, Тілеу ата ұрпақтары (Тоңашадан Берік қараға дейінгі аралықта) Үсен ата балалары Аршалыдан бастап Қаратөбеге дейінгі жерді мекен еткен. Абыралы таулары негізінен Девон мен Силур жыныстарынан тұрады.

Абыралы тауының ұзындығы 30, ені 12 шақырым, теңіз деңгейінен биіктігі 1300м, терістіктен – түстікке созыла көлбей орналасқан жалпақ тау. Қалмақпен соғыста қазақ жеңісіне ту көтерген қарсы бетте жалғыз тау – Жалаулы атанған. Жерұйық іздеп шарлаған Асанқайғы бабамыздан сөз қалған: «Абыралы – Жалаулы, Сар қиың тұр қалаулы. Бір түп шиің бір тоқтыға балаулы», - демекші, шаруаға, малға жайлы, құйқалы жер. Абыралы атырабында Жалғызтау, Мейзек, Мырзашоқы, Мыржық, Дегелең, Сораң, Тұлпар, Сарытау (Көкшетау), Кент, Тәбеке, Шана биігі, Жыланды, Берікқара, Доғалаң, Қоянды аталатын ірілі биік таулар бар. Бұл ретте: «Абыралы, Сөрелі жазығы, Қызылжал жотасы, Балқантау, Жорға, Қалмақ емелі, Арқарлы атырабында да қаншама рухани сырлар ашылмай жатыр десеңші» - деген белгілі этнограф жазушы Ақселеу Сейдімбековтың, «Күңгір-күңгір күмбездер» атты еңбегінде толғана тамсануының да жөні бар. Абыралы – жері қорған, тауы қалқан ерлерге.

Өткенге аза, бүгінгіге шүкірлік, ертеңге үмітпен өмір кешу сөзі болар.

Білсеңіз ілгергілер бәрі «Батыр»,

Солардың Абыралыда ізі жатыр.

Тыңдасаң көпті көрген, көне көзді

Шертеді аңыздарды дәмі татыр.

Мәселен, Толыбай, Жиенбай, Кемелбай, Қабан, Күлембай есімді тек Абыралы Қамбар атадан шыққан айтулы батырлары болған. Ал Үсеннен Алтай батыр қалмақты қуғанда тоғыз батыр бірге болған. Басшысы – Барақбай. Олар қырық серкешті сойып, суға ағызып, терісінен шалбар, киізден кеудеше қабаттап киеді екен. Қайнарды қалмақтардан босатуда Қалыбай кезеңі мен қуысында жанқиысқа, кескілескен шайқас өтеді. Кедей руының батыры – Нұран, Есбалақтан – Айтқожа, Қаңлыдан – Қожық батырлар тізе қосып жаумен соғысып, Жалаулыда жеңіс туын көтереді.

Беткейінде бетеге, бөрте жусан, қылқан селеу, қараған т.б.шөптер өседі. Тауы жасыл орманды, сайы шілікті, жемісті, бұлақты. Сонау ертеде бірнеше жыл қалың өрт жайлап, тас балқытып, тамырын құртқан деген де аңыз бар-ды. Бүгінде манаураған мұңды жалаңаш жартас, шағылған шыңы, құлаған құздары әр қилы ойға жетелейді. Оны түсінер түйсік, білер білікті білім, зерделей зерттейтін ғылым қажет.

1991 жылы 22 наурыз күнгі «Социалистік Қазақстан» газетінің бетінде Абыралы ауданына қараған Доғалаң кеңшарының аға шопаны, Ленин, Қазан революциясы ордендерінің иегері Ахат Несіпхановтың мақаласы басылған екен. Осынан ... Тұншыққан тұма, бұлақтар жайлы: «Мінеки, екі жылға тақа болды, полигон үні естілмейді. Дала кезген адаммын ғой, осы екі жылда Жер ананың иіп мейірлене бастағанын сезіндім. Бірде Абыралы тауына жақын басынан құлдилап келе жатып, тасты жарып, бұлқынып жатқан қайнар бұлаққа таң қалдым. Жалма-жан аттан түсіп, қамшының сабымен ары-бері жүлқылап, көзін ашқан болдым. Осыдан он шақты күн салып әлгі жерге келсем, қайнар көзінен су атқылап (шапшылай) жайылып ағып жатыр екен. Жалаңаш таудың жотасымен жосылып, бұлақ суы арна кесіп барады. Қуанғаннан жылап жібердім. Бұлақ жиегіндегі жалаңаш көк қақ жарып қылтып шығып келеді екен. Қарасам қарағай, қайың болғанын естуші едік. Енді анығы шындыққа айналар жөні бар.

(жалғасы келесі нөмірде)



Бақытөмір Шалғынбай.
ҚР Бас редакторлар клубының мүшесі, «ҚР Үздік бас редакторы» медалінің иегері.

(Басы өткен нөмірде)

Тоз-тозы шықты. Осы жолы қытай бізді аяғалы отырған жоқ. Жеңілсе де қулыққа қарсы қулық ойлап, өздеріне бағынған ойраттарды, қалмақ, қияттарды да айдап салып отыр. Бірақ, олардың көбі жоңғарға достық қолын созған

Бұл ту бір тайпа, не бір ғана сала әскердің туы емес, күллі қазақтың туы. Оны құлатуға жоңғар да, қытай да күш салады. Сондықтан да талай ұрыстан туды құлатпай алып шыққан атақты Қазымбет батыр тушы болады, - Абылай хан кесіп айтты.

Бір кездері жоңғар – қалмақ ұрысына отыз мың қол алып шыққан Найман тайпасының Қара Керейінен тарайтын Мұрын ана балалары шетінен батыр. Талай қанды қырғынды бастан өткерген, шыңдалған ел. Мың өліп, мың тіріліп жүрсе де бұл ел ұрпақ өсіруді, бала тәрбиелеуді есте естен шығармаған. Осы атадан тарайтын бір ғана Жолымбет батырдан ондаған батыр өрбіді. Тек Жолымбет ұрпағы жаугершілік заманға қарамастан өсіп – өніпті. Ал Қазымбеттер бес жасынан жай тартып, ат жалында өскен ерлер. Қалай болса да, Қазымбет батырдың шоқтығы өзгелерден биік. Тек батыр ғана емес, аса ақылды, көреген адам. Жасы жетпіске тақан

майданға асықты. Кім жеңіп, кім жеңілері әлі белгісіз. Бір жақ біреудің жерін тартып, елін қырғынға ұшыратып, қыруды ойласа, екінші жақ қайткен күнде де жерді бермеуді, елдікті сақтауды мақсат етеді. Бейне ақ пен қараның, жың мен перінің шайқасындай. Иә, АЛЛА, ақсарбас! Қашанғы әділетсіздікке жақ боласың!


ІІІ. Ақырғы айқас

Ақшәулінің етегіндегі Қарақол өзенінің бойы да, шығысқа қарай құлдилап ағатын Ай өзенінің бойы да әскерге толған. Сай саланың бәрі атты сарбаздар. Қазақ әскері лек-легімен қытай жоңғар әскерлерінің алдынан алыстан қара көрсетіп өтіп жатыр. Көптігі мен қару-жарағының сайма- сайлығына масаттанып, астамданып келген жаулаушылардың қолбасшылары толассыз өтіп жатқан қалың қазақ әскерін көріп, тіксініп қалды. «Анау

ЖЕР ТЕЛІМІНІҢ МАҚСАТТЫ МІНДЕТІН ӨЗГЕРТУГЕ ШЕШІМ ҚАБЫЛДАУ

Құрметті Бородулиха ауданының тұрғындары «Жер телімінің мақсатты міндетін өзгертуге шешім қабылдау» мемлекеттік қызметі көрсетіледі. Сіздер «Халыққа Қызмет Көрсету Орталығы» республикалық мемлекеттік кәсіпорынының ШҚО бойынша филиалының Бородулиха аудандық бөліміне жолыға аласыздар. Бұл қызмет жеке және заңды тұлғаларға көрсетіледі. Мемлекеттік қызметтің көрсетілу мерзімі 37 жұмыс күні.

А.ӘКІМБАЕВА, «ХҚКО» РМК ШҚО бойынша филиалының Бородулиха аудандық бөлімінің инспекторы



«1414» БІРЫҢҒАЙ БАЙЛАНЫС ОРТАЛЫҒЫ МҮМКІНДІП ШЕКТЕУЛІ АЗАМАТТАРҒА ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТЕДІ

ШҚО «Халыққа мобильді қызмет көрсету орталығы» «1414» Бірыңғай байланыс орталығымен бірлесіп мүмкіндігі шектеулі азаматтарға мемлекеттік қызмет көрсетеді.

Мүмкіндігі шектеулі азаматтарға жататын бірінші, екінші топтағы мүгедектер, қозғалуында қиындығы барлар, мүгедек-балалар, есту қабілеті бойынша мүгедектер, ым-ишара тілін қолданатындар үйден шықпай-ақ 1414 телефоны арқылы өтініш қалдырып, құжаттарын ресімдей алады. ББО-да өтініш тіркелгеннен кейін ХҚКО Мобильді тобы 72 сағаттың ішінде өтініш берушіге келіп, үйде өтініш қабылдайды.

«Мүмкіндігі шектеулі азаматтар үшін бүгінгі күнде үйде отырып қызмет алу - жақсы мүмкіндік. Ол өте тиімді және біздің уақытымызды үнемдейді» - дейді Өскемен қаласының тұрғыны, 2-топтағы мүгедек Айтжамал Матайбаева.

Айта кететін жайт, 1414 Call-орталық арқылы мүмкіндігі шектеулі азаматтарға қызмет көрсету туралы ақпарат ХҚКО ғұмараттарындағы стендтерде және жалпыға қолжетімді орындарда орналастырылған.

Сонымен қатар ескеретін жайт, Мемлекет басшысының алдыға қойған тапсырмасы тұрғындардың кең таралған топтарына мемлекеттік қызметтің қолжетімділігін қамтасыз етуді орындау аясында, Халыққа қызмет көрсету орталықтарында мүмкіндігі шектеулі азаматтарға мемлекеттік қызмет алу үшін қажетті жағдай туғызу бойынша ерекше көңіл бөлінген. Ол үшін әрбір ХҚКО-да мүмкіндігі шектеулі азаматтардан құжаттар қабылдау үшін арнайы жұмыс орыны бөлінген, сонымен қатар пандустар мен шақыру нүктелері орнатылған.

Осы ретте, ШҚО Мобильді топтарымен жыл басынан бастап 180 шығу жүзеге асырылып, 187 мемлекеттік қызмет көрсетілгендігін айта кетпекпіз.

«ҚАУІПСІЗ ЖОЛ» ІС-ШАРАСЫ



Біз әрқашанда жолда жүру ережесін қатаң сақтауымыз керек. Осы ереже барлығымыздың өміріміздің сақталуына әсер етеді.

Аудандық ішкі істер бөлімі Әкімшілік полициясы бөлімшесі 19 – 22 маусым аралығында «Қауіпсіз жол» атты жедел алдын алу іс-шарасын өткізді. Осы іс-шарада ӘІПБ полиция қызметкерлері жылдамдық режимін бұзушылардың жолын кесу мақсатында арнайы техникалық құралдар мен аспаптардың барынша пайдаланды.

Іс-шара қорытындысы бойынша жол ережесін бұзған 45 азамат жолда жүру ережесін бұзғаны үшін әкімшілік жауапкершілікке тартылды. Соның ішінде мас күйінде көлік басқарғаны үшін 3 жүргізушінің ісі сотқа жіберілді.

Азаматтар жолда жүру ережесін қатаң сақтайық және салынған айыппұлды уақытында төлеп түбіртектегі ӘІПБ-ге тапсыруларыңызды сұраймыз.

АПБ ӘІПБ

қазақтарға қарсы соғысуға құлықсыз. Осыны ұтымды пайдалануымыз керек. Тарбағатай бауырында соңғы рет жауды тойтарсақ қытай – қалмақ еріксіз бітімге келеді. Олардың әскерін сонау Еренқабырғадан ары ысырып тастай аламыз. Бұған не дейсіңдер, батырлар?!

Осы Тарбағатай мен Аягөз өзенінің бойында талай ұрыс салдық емес пе, жоңғар – қалмақпен, қытай – сібе-солаңымен. Жеңдік те, жеңілдік те. Ұрыс даласын жақсы білеміз.

-Көп кешікпей, ертерек майданға лайық жерді белгілейік.

-Иә, сол жөн.

Батырлар да, хан нөкерлері төрелер де, билер де бірауыздан қостап қоя берді.

-Жөн сөз. Бұл жолы соғысқа Қабанбай батыр басшылық етеді. Оның айтқаны айна қатесіз орындалуы керек.

-Қазақ тағдыры қыл үстінде тұрғанда бұра тарту жөн емес. Би, хан, қара деп бөлінбейік, ағайын, - деп қамшысын алға тастаған Қу дауысты Құттыбай көпке назар салды.

-Жоға! Қабанбайдың найзасында да, өзінде де қасиет бар. Өткен жылы ұлы жүз жерін жаудан босатқанда қалмақтың алып батыры Добынұр жекпе – жекке шақырып алып, Қабанбайдан қаша жөнелді емес пе? Қабекеңе ешкім де қарсы келмейді.

-Иә, аруақ, қолдай көр!

-Қабанбай, Қабанбай, Қабанбай....

Хан кеңесі өтіп жатқан алаң жаңғырып кетті. Хан тағы қолын көтерді.

-Ал енді жауға басты соққы беретін әскерді белгілейік.

-Иә, біздің санымыз қытай – жоңғардан әлденеше аз, - деп сөзге араласты көкжарлы Барақ батыр, - бірақ, әдіс – айламыз артық.

-Біздің батырлардың бірі онға татиды. Сонда да айла керек, - деп сөзге қосылды Боранбай би.

-Ұрыс алаңына Ақшәулінің етегі ыңғайлы.

Оның төңірегіндегі сай – салаға қанша әскер болса да жасыруға болады.

Сөзге Еспембет батыр араласты.

- Енді тушыны белгілейік. Туды кім ұстайды? Иә, туымыз жығылып, тауымыз шағылып жүрмесін.

- Уа, жарандар! Сөзге құлақ салыңдар. Бәрің де сезіп отырсыңдар, бұл жолғы ұрыс қазақ үшін маңызды. Не бар боламыз, не жоқ боламыз осы жолы жеңілсек ешкім де аяғалы отырған жоқ. Жеңсек рухымыз көтеріледі, елдігіміз сақталады. Туды ең мықты, тәжірибелі батырға сеніп тапсырамыз.

қалса да, денесі тіп – тік ұзын бойлы, тарамыс денелі, қақпақ жауырынды, сала құлашты адам. Үстіне киген сауыт- сайманы да жарасымды. Тек сақал мұрты ғана ересек қылып тұр. Әйтпесе, нағыз елудегі ерлердей.

Қазақ қолының ішінде «сен тұр-мен атайын» деген жүрек жұтқан сан батыр шыққан. Өзге тайпаларды былай қойғанда бүкіл өмірі ат үстінде, майданда өткен көкжарлы Барақ батыр (түмен басы), «Жеке батыр» атанып, ханнан алтын жағалы тон киетін Ер Еспембет, Шыңқожа, Шанышқылы Бердіқожа, алып денелі Малайсары, Қанжығалы Бөгенбай, Ер Қабанбай бастаған батырлар баршылық...

Хан Қазымбет батырға назар аударды. Батыр жайбарақат орынынан тұрып, алға қарай бір – екі аттады. Бойы өзгелерден ерекше, бір бас биік, еңселі ер- нағыз ту ұстауға лайық.

- Хан ием, сіз жөн санасаңыз мен әзірмін. Он екі қорғаушың да дайын, - деп тіл қатты батыр.

17 жасынан қол бастап, талай қанды қасапты бастан кешірген Қазымбет батырдың өзі бұл кезде немерелі. Тоғыз ұл, оннан аса қыз сүйіп отыр. Сол тоғыз ұлдан жиырмадан аса немере бар. Алды ұрысқа қатысып та жүр. Қазымбет Сәмеке хан әскеріне қолбасы да болды. Найман қолының ірі саласына бас сардар да болды. Мың басы, түмен басы да болды. Бірақ, шешуші ұрыстарда қазақ әскерінің туын осы Қазымбет батыр ұстайтын. Сегіз кез ту да өзгелер көтере алмайтындай. Қазақ қолының туы өзге мыңдықтар, ру – тайпа туларынан анағұрлым биік, ерекше. Анайдан көзге ұрып тұрады. Әскер қуаты мен рухын жауға сездіру үшін де ту анық сұсты болып көрінуі керек. Ту жығылса- жеңіліс. Сондықтан ту ұстаушы да, оның қорғаушылары да ерекше әдіс- айлалы жауынгерлерден іріктелінеді. Бір ерекшелігі – тушы туралы көп мәлімет айтылмайды. Ту ұстау, сақтау, алып жүру қай заманда болса да құпия.

Сонымен, қазақ әскерінің майдан алаңы, ту ұстаушысы, сошғы ерекшеліктері белгіленді. Әдеттегідей, Абылай хан әскерді үш салаға бөліп, ақтық айқасқа аттанды.

Қазақ әскерінің көтеріліп келе жатқанын естіген қытай – жоңғар әскері де қарсы ағылды. Дала дүбірге толды. Екі жақтың әскері де қан

Өкпетінің шыңынан төмен үлкен бір қол келе жатыр, -деп естіген барлаушы-шолғыншыларынан, - Айдың төменгі жағынан да бір қосын әскер шығыпты. Ой, тәңірі, бұлардың әскері әлі көп екен».

«Қалың қолды Қабанбай батырдың өзі бастап келе жатыр»-дегенді естігенде тіптен үрейленген.

Ана бір жылы қаптаған жоңғар қолына қарсы осы Қабанбай батыр шағын қолмен тиіп, тас-талқан еткен. Талай құқайды көрген жоңғардың қарашойын нар батырлары Қабанбай мен қасында ту ұстап келе жатқан Қазымбетті, алып Барақты көріп, «ха-халап» қашыпты. Жауды мысымен басқан Қабанбай тобы олжалы қайтқан. Кейін жоңғарлар ес жиып, «неге бұлай Қабанбай мен Қазымбеттің шағын әскерінен ойсырай жеңілдік»-деп әскербасы батырлардан сұраған екен. Сонда жоңғардың Қарашың деген алып батыры: Ана Қабанбайдың екі иығында екі арыстан аузынан от шашып бірге келеді екен.

Оның қорғаушысы бар. Ал Қазымбет батырдың найзалы туының үстінде алып дала бүркіті отыр, екі көзінен оты шығып. Бұларды жеңу мүмкін емес екен»-депті. Сонда оны тағы да бірталай жоңғар батырлары қостаған дейді. Осы әңгіме жоңғар әскеріне үрей туғызып, батыр туралы небір аңыз таралып жатқан. Қабанбайдың майдан басшысы болуы шынында да жоңғар-қытайдың қатардағы жауынгерлеріне үрей туғызды. Ішкі наразылық та өршілді.

Біреудің жерінде неміз бар, Қытай жарылқады ма бізді, қырып салды. Енді біздің қолымызбен қазақты қырмақ. Одан да тыныш малымды бағып жатқаным жақсы еді, -деп өзара күңкілдесті. Ал билеушілер жанталасып бақты. Қазақ қолының осал еместігін сезіп, туды жығу үшін арнайы мергендер тобын құрды. Шынында қара көрсетіп өтіп жатқан қазақ әскері көп емес еді. Олар лек-лек болып алыс төбе қалтарысты айналып, әдейі бірнеше рет жау әскеріне қара көрсетіп жүрген бірнеше мың жасақ болатын. Негізгі қол майдан алаңына кешкілік жетті. Екі жақ та қарама-қарсы келіп тоқтасты.

(жалғасы келесі санда)

БАҚ жекеменшік иесі: “Шығыс ақпарат” ЖШС Директор НҰРЖАН ҚУАНТАЙҰЛЫ	“Аудан тынысы - Пульс района” аудандық газетінің бас редакторы Екатерина БОЙЧЕНКО	Газет аптасына 2 рет шығады. Жарияланған материалдардағы деректердің дәлдігі үшін автор жауап береді. Басылған материалдардағы пікір редакциянікімен сәйкес келмеуі мүмкін. Хаттар мен қолжазбалар қайтарылмайды. Жарнама мен хабарламаның дәлдігі үшін редакция жауап бермейді.	
Газет ҚР Иивенстициялар және даму министрлігі Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінде тіркеліп, аудандық «Аудан тынысы» - «Пульс района» газеттерінің тіркеу туралы N 15346-Г куәлігі (04.05.2015) берілген	“Аудан тынысы” газетінің редакторы Мейрамгүл АТАЕВА E-mail: borodulihapuls@mail.ru	Редакцияның мекен-жайы: 070400, ШҚО Бородулиха ауылы, Тәуелсіздік к. N 69 Тел/факс 8(72351) 2 16 60 ТАІП: 5821 Таралымы 3080 оның ішінде «Аудан тынысы»580	Газет “Шығыс-Ақпарат” ЖШС - нің баспаханасында басылады. Өскемен қ., Космическая 6/3 Көлемі 2 баспа табақ